

Издается с 2005 года

ЗАҒИП ЖӘНЕ НАШАР КӨРЕТІН
АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КІТАПХАНА



РЕСПУБЛИКАНСКАЯ
БИБЛИОТЕКА ДЛЯ НЕЗРЯЧИХ И
СЛАБОВИДЯЩИХ ГРАЖДАН

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан
Обязателен выпуск рельефно-точечным шрифтом



НӨМІРДЕ:
В НОМЕРЕ:
Наурыз-берекем, Наурыз-мерекем!;
Әлемді әлдилеген ана;
Весеняя игра;
Дарите женщинам цветы;
Учитель, видящий сердцем;
Вернуть мотивацию к активной жизни;
Вновь обрести зрение;
Фонд РБНСГ пополнился новыми журналами РТШ .

2(106)

2023



Наурыз-берекем, Наурыз-мерекем!

РБНСТГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ - ПОЗДРАВЛЯЕМ!

МАРТ

1 марта - День благодарности (Установлен официальным Указом Первого Президента РК от 14 января 2016 года № 173)

8 марта – Международный женский день

8 марта - 95 лет со дня рождения казахского языковеда, филолога Асета Болганбаева (1928-1999)

13 марта - 110 лет со дня рождения казахского композитора Мукана Тулебаева (1913-1960)

14 марта - 95 лет со дня рождения казахского поэта Нурсултана Алимкулова (1928-1982)

15 марта - 65 лет со дня рождения Народной артистки Казахстана Айман Мусаходжаевой (1958)

15 марта - 100 лет со дня рождения писателя Апбаза Каражигитова (1923)

21-23 марта – Праздник Наурыз мейрамы

23 марта - 95 лет со дня рождения ветерана ОО «Казахского общества слепых», самодеятельного композитора Касымова А.К. (1928-2001)

27 марта - Международный День театра

АПРЕЛЬ

2 апреля – Международный День детской книги

3 апреля - 150 лет со дня рождения участника установления Советской власти в Казахстане, участника гражданской войны, члена РКП(б) Иманова Амангельды Удербайулы (1873-1919)

16 апреля - 95 лет со дня рождения казахской певицы, народной артистки СССР Розы Жамановой (1928-2013)

23 апреля – Международный День книги и День авторского права

23 апреля - 100 лет со дня рождения кандидата философских наук Досмухамедовой К.Х. (1923-2006)

24 апреля - 140 лет со дня рождения врача, ученого-медика, общественного деятеля Досмухамедова Халела Досмухамедовича (1883-1939)

30 апреля - 90 лет со дня рождения писателя Акана Нурманова (1933-1969)

ӘДЕБИЕТ - ЛИТЕРАТУРА

Қайырсыз жұма

Әбен Илиясович әлдебір құжатқа сүйектете қол қойды да, осыным дұрыс болды ма дегендей күмәнді жүзбен қайта шолып шығып, содан кейін қағазды көмекшісіне ұсынды.

– Күтіп отырғандар бар ма? – деді есікті көзімен көрсетіп.

– Бар. – Мұнтаздай киінген сұлуша жас жігіт бастығының әр қимылын қалт жібермей бағып тұр.

Әбен көмекшісінен басқа ешкім байқамайтын бір қимылмен басын болмашы изегендей болды. Көп ұзамай кабинетке қырықтар шамасындағы қара торы, толықша кісі кірді.

– Кешіріңіз, – деп ол әлденеге абдырап, есік алдында тұрып қалды да, құлап кететіндей қалтақтап келіп, министрдің қолын алды.

– Отырыңыз, – деді Әбен жұмсақ үнмен.

– Кешіріңіз. – Келген адам шегініп, алыстау отырды. Екінші рет өтінген кезде министрдің қарсы бетіндегі орындыққа келіп жайғасты. Бірақ осы жер мен отыратын орын ба деп қысылғандай, қалтасынан орамалын алып, тершіген маңдайын сүрте береді.

– Шаруаңызды айтыңыз, – деді Әбен түсін жылыта сөйлеп.

– Мен бір өздеріңізге қарасты Ащысайдағы комбинатта істеуші едім. Сізге кіруге жазылғаным бірнеше ай болды. Әйтеуір бүгін бір, сәлем де сәтімен дегендей...

Әбен «ықыласпен тыңдап отырмын, айта беріңіз» дегенді білдіре басын изеді.

Одан әрі келген кісінің сөзі түсініксіздеу болып кетті. Өзінің қай жақтан екенін, жетім өскенін, адал еңбегімен күн көріп келе жатқанын, тағы сол сияқты өзіне қажет болғанмен, Әбенге қажеті жоқ бір әңгімеге түсіп кетті. Ақыры өзінің комбинатта он жылдан астам істейтінін, бірақ соған қарамастан, комбинат директорының өзіне күн көрсетпей, қуғындап жүргенін айта бастаған кезде Әбен әлдебір жіптің ұштығына қолы жеткендей болып, әңгіменің не туралы екенін жобалап, енді соның шындығын білгісі келгендей, алдында отырған адамның түріне барлай қарады.

РБНСТГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

Жұқалау шашын бір жағына мұқият тараған, бұғағы мен екі шықшыты бұлтиып тұрғаннан төбе жағы шошақтау көрінеді. Шолақ мұрын, қой көз – көшеде ең көп кездесетін, сосын да есте қалмайтын елеусіз бет пішін. Адамға тура қарамайды, жасқаншақ, бірақ көзге іліне бермейтін әлдебір қимыл-қозғалысынан, сөз саптасынан министрден басқа адамға, әсіресе, қарамағында істейтіндерге бір көрсетіп қалатын мінезінің де жоқ емес екені байқалып тұр.

– Қанша өліп-тіріліп істесең де, бір өсірмейді, – деді ол айтар арызының тобықтай түйініне жақындай түсіп. – Өсу үшін пара беру керек. Жағымпаздану керек. Не туысы болуың керек. Әйтпесе, көретін күнің осы...

– Пара алатынын дәлелдей аласыз ба? – деді Әбен манадан бергі жұмсақ үнін сәл-пәл қатайтып.

– Не дәлелдейтіні бар, жұрттың бәрі біледі.

– «Жұрттың бәрі біледі» – дәлел емес.

– Енді қайтіп дәлелдеуге болады? Оның параны маған көрсетіп алмайтыны белгілі.

– Пара алу – қылмыс. Қылмыстыны соттау керек. Ал жұрттың бәрі біледі деген айыппен адам соттау заңға тура келмейді, – деді Әбен талай айтып жүрген сөзін қайтала-ғандай селқос үнмен. Өйткені мұндай арызбен келетіндер көп болатын.

Келген адам тағы да орамалын алып, бетін сүртті.

– Мен енді, шынымды айтсам, – деді жалынышты үнмен, – оның пара алған, алмағанын дәлелдейін деп келгенім жоқ. Соттату да ойымда жоқ. Жұрт білетін шындық болған соң, ел басқарып отырған өзіңізге айтып жатқаным ғой. Ал менің арызым – тек сол кісінің қудалауынан қорғасаңыз екен... Әп-әдемі цехтың бастығы болып істеп жүргенмін. Менің орнымды өзінің бір көңілі жақын адамына әперді де, мені мастер қылып ауыстырды...

– Жалақыдан қанша ұтылдығыңыз?

– Ұтылғам жоқ, – деді ол «мәселе онда емес» дегендей маңдайын тыжырайта, басын шайқап, – қайта қазір бұрынғыдан көбірек табамын. Мәселе моральдық жағында болып тұр. Түк жазығым жоқ. Бар тапқаны: «жұмысыңда кемшілік бар» дейді. Ондай кемшілік кімде жоқ? Өзінде де бар.

«Түсінікті, – деді ішінен Әбен, – кішкентай да болса, бастық болғым келеді дейсіз ғой... Әйтсе де, орынбасарыма тапсырайын, обал боп жүруі де ғажап емес». Әбен соны ойлап, қолына қаламын алып, ашулы жатқан блокнотын алдына жақындатты.

– Фамилияңыз?

– Қойбағаров... Қойбағаров Аман Қойбағарович.

– Жақсы, жазып алдым.

Әбен Қойбағаровты тағы да өзі жайлы ұзын-сонар әңгімеге түсіп бара жатқан жерінен тоқтатты да, «Аман» деген аттың қазақы сыпайылыққа салғанда қалай аталатынын жөппелдемеде есіне түсіре алмай, ойланып барып:

– Әбеке, – деді даусын көтере, – мен жазып алдым. Шаруаңызды тапсырамын. Тек уақыт жағы тығыз. Басқа да адамдар күтіп отыр.

Қойбағаров бір сәт үнсіз қалды да, келген шаруасының іс болып шығатынына сенбей қалғандай, ұнжырғасы түсіңкіреп, мінгірлей қоштасып, кабинеттен көңілсіздеу шықты.

Лып етіп көмекшісі кірді.

– Орталық Комитеттен телефон соқты. Сізді отыр ма деп сұрады, – деді есік алдында тұрып.

– Кім?

– Хатшының көмекшісі.

– Маған неге телефон соқпайды? – деді Әбен «әлде осыдан болып тұр ма» дегендей қызыл телефонға таңырқай қарап.

– Білмеймін, – деді көмекші, – осымен екінші рет телефон соғып отыр. Кететін болса, бізге айт деп маған тапсырма беріп қойды.

Әбен сағатына қарады. Жеті жарым. Бүгін қысқа күн – жұма екені есіне түсті. Бірақ жұмысқа берілген адамға үйден кеңсе жақын. Үйге барса, теледидардан басқа ермек жоқ, екі қолын қайда сыйдырарын білмей, сенделіп жүретін кездері болады. Ал кеңседе өзін суда жүзген балықтай сезінеді.

Әбен әлі де бірер сағат отыра тұрмақ оймен:

– Кірсің, – деді тағы да есікті көзімен көрсетіп...

Сағат сегізде «Кремлевка» шыр ете қалды. Екінші рет шырылдағанда Әбен трубканы көтерді.

– Алло.

– Әбен Илиясович?

– Тыңдап тұрмын, – деді Әбен хатшыны даусынан танып.

– Маған келіп кетіңізші.

– Жарайды.

Хатшы басқа сөз айтпай трубканы қоя салды.

Әбен кнопканы басып, көмекшісін шақырды да:

– Машина тұр ма? – деді алдындағы қағаздарды жинап жатып.

– Тұр.

Әбен қабылдау бөлмесіне кіргенде хатшының көмекшісі бұған әлдебір құпия түрмен:

– Отыра тұрыңыз, – деді креслоны көрсетіп. – Қазір шақырады.

Әбен хатшының мұнысына ренжіп қалды. «Тап қазір ешкім жоқ қой ішінде. Есігінің алдында екі минут болса да кідіртіп қойғаннан ләззат ала ма екен?»

Бірақ бұл ойы қате болды – іштен екінші хатшының көмекшісі шықты да, мұны көріп, керемет қуанған адамдай:

– О, Әбен Илиясович, халіңіз қалай? – деп қолын қайта-қайта қысып, мәз болған түр көрсетті.

«Актер».

(Жалғасы келесі нөмірде). *Толен Әбдіқұлы*

ЖАҢАЛЫҚТАР – НОВОСТИ

Әлемді әлдилеген ана. Дүниеде ана махаббатынан қасиетті нәрсе жоқ. Ананың алақаны – біз үшін ең жылы ұя. Ананың жаны сондай нәп - нәзік, мейірімді жан. Әлемдегі ең сұлу және ең керемет атау – «Ана». Оның құдіреті мен қасиетін түсініп, қадіріне жету мүмкін емес. Өйткені түн ұйқысын төрт бөліп, баласы үшін жанын беретін ананың балаға деген махаббаты мәңгілік шексіз. Алғаш көзіңді ашқан кезде бауырына басып, «балам» деген ананың әлдіі, бүтінін беріп жартысын алған, барын беріп жоғына қанағат танытқан- асыл анаң.

Асыл аналардың құрметіне Ақтөбе облыстық зағиптар және нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасында 8 наурыз-Халықаралық әйелдер күніне арналған «Әлемді әлдилеген ана» атты мерекелік кеші ұйымдастырылды.

Шара барысында «Ана – өмір бастауы» кітап көрмесіне библиографиялық шолу өткізілді. Қалалық қазақ зағиптар қоғамы мәдениет үйінің әншілері Ақыл Жарылқасын, Сапарбай Алтыбай «Аман ба, халқым аман ба?» әнін орындаса, Назым Жұрынбай «Бақытты әйел» деп әсем ән шырқады. Сұлулықтың символы атанған арулардың арасынан логикалық ой жүйріктері анықталып, түрлі форматта нәзік жанды аруларға ақындардың жырынан поэзия оқылды.

Мерекелік кеште облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының бас маманы Аққу Қоблан, қалалық зағиптар қоғамы ҚБ төрайымы Гүлшара Жалғасова, зағиптар қоғамы оқу-өндірістік кәсіпорнының директоры Дәметкен Жолмағамбетова құттықтап, ақ тілектерін арнады. Сонымен қатар, қалалық техникалық шығармашылық орталығының мамандары Жайнагүл Қайралапова, Асель Избастина оқырмандарға орталық оқушылары жасаған ашық хаттар, гүл мен тәтті сыйлықтарын табыс етті. Кітапхана оқырмандары, ер азаматтар қауымы барша нәзік жандыларға тәттілер мен гүлшоқтарын табыстады. Мазмұнды кеш соңында арнаулы кітапхана директоры Құралай Раймбаева барша оқырмандарды айтулы мерекемен құттықтап, кітапханаға демеушілік етіп, шарлармен безендіргені үшін және әдемі гүл шоқтарын аруларға сыйлаған жеке кәсіпкер Гүлбану Манбетжановаға алғыс білдірді. Кітапхана оқырмандары ерекше әсер сыйлаған кеште көтеріңкі көңіл-күймен тарады.

Ана бір қолымен әлемді бір қолымен бесікті тербетуші жер бетіндегі ең қасиетті адам. Оның алақаны тікеннің өзін жұмсартып, асаудың өзін жуасытар құдіретке ие. Әкенің қабағын бағып, үйдің берекесі болып отырған ананың адамзат үшін алар орны биікте. Ананың алақаны балаға айдынды қоныс. Ана барда, адамзат бар, тіршілік тұтқасы бар. Ана екеу емес біреу ғана. Сол үшінде анаға жақсылық жасаңыз. Көз жасын күлкіге, мұнын қуанышқа, жабырқаса жұбатып, сағынса қасынан табылыңыз. Ол сіздің міндетіңіз.

Құндыз Қонысбай

Ақтөбе облыстық зағиптар және нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасының қызметкері.

Весенняя игра. Уважаемые читатели и любители спорта! Наконец-то мы все дождались весны. Вместе с ней в наши дома и в наши сердца входят тепло, свет, новые надежды, любовь и приятные встречи! Уже привычные ритмы повседневной жизни дополняются особенными событиями – важными и значимыми в жизни каждого человека. Пользуясь случаем прежде всего мне хотелось бы

РБНСТГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

поздравить наших дорогих бабушек и мам, дочерей и сестёр, самых любимых и близких сердцу женщин с праздником 8 Марта. Свои самые наилучшие пожелания я присоединяю ко всем поздравлениям, которые будут посвящены в эти дни им, а также все самые прекрасные букеты из любимых вами цветов: подснежников, роз, тюльпанов и т.д. Пусть в Вашей жизни будет как можно больше радостных и приятных сердцу событий.

Ни для кого не секрет, что спорт в жизни людей с инвалидностью по зрению всегда играют очень важную и особенную роль. Тем приятнее мне поделиться с вами важными новостями в этой области. В преддверии Международного дня 8 Марта в городе Тараз прошёл Республиканский чемпионат Республики Казахстан по шахматам. С 1 – 8 марта 2023 года 13 спортсменов боролись за призовые места. Они приехали из разных уголков нашей республики: г. Алматы, Абайской, Восточно-Казахстанской областей, а также из городов Павлодара, Кустаная, Астаны, Тараза. А всего в этих соревнованиях принимало участие 75 спортсменов разного возраста. В упорной борьбе места среди женщин распределились следующим образом: 1 место заняла Амантаева Батес (Абайская область г. Семей), 2 место - Муратова Алия (г. Астана), 3 место - Баймуратова Нурия (г. Алматы) и Литвиненко Тамара (г. Павлодар). Среди мужчин призовые места распределились следующим образом: 1 место - Алимханов Абдурашид (г. Тараз), 2 место - Утениязов Амир (г. Павлодар), 3 место - Кабыжанов Болат (Абайская область, г. Семей). Восьмого марта на территории пансионата Самал города Тараза прошёл решающий тур среди претендентов на звание чемпионов, а также подведение итогов и торжественное закрытие соревнований. Мы присоединяемся ко всем поздравлениям и наилучшим пожеланиям победителям! Надеемся, что на следующих соревнованиях остальные участники после упорных тренировок покажут ещё лучшие результаты и окажутся на пьедесталах почёта.

Иминова М., г. Алматы.

Дарите женщинам цветы. Вместе с весной к нам пришел прекрасный и замечательный праздник-Международный женский День 8 марта. Этот день особенный, он согрет лучами солнца, женскими улыбками, украшен россыпью цветов, нежностью. И в преддверии праздника в Западно-Казахстанской областной специальной библиотеке состоялось праздничное мероприятие «Дарите женщинам цветы» с участием членов клуба любителей поэзии «Муза», а гостем мероприятия была известная телеведущая областного телеканала «Ақжауіқ», журналист, блогер Лаура Бекбулатова. Женщина может состояться не только в материнстве, но и в карьере. Доказательство тому жизнь и карьера талантливой женщины по имени Лаура Бекбулатова. Героиня поделилась своими теплыми воспоминаниями детства, первыми шагами в мир телевидения, планами на будущее и, конечно же, прочитала стихи. Она была признательна за видео сюжет о ее творчестве, подготовленный работниками библиотеки. Присутствующие также затронули тему семейных ценностей, роли женщины в семье как хранительницы семейного очага, роли женщины в обществе. С интересом были проведены веселые игры и викторины. А члены клуба «Муза» прочитали стихи, исполнили песни, посвященные милым дамам и выразили теплые, искренние пожелания здоровья и счастья всем матерям и женщинам.

Акжибек Абдулова,

библиотекарь отдела обслуживания, руководитель клуба любителей поэзии «Муза» ЗКО с/б.

14 наурыз – Амал мерекесіне орай облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханасы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің зейнеткерлер мен мүгедектерге әлеуметтік қызмет көрсету аумақтық орталығының күндізгі жартылай стационар бөлімшесінде «Көрісу күні» атты балаларға арналған тақырыптық калейдоскоп ұйымдастырды.

Тақырыптық калейдоскопта «Көрісу – татулық, мейірімділік, ізеттілік», «Мамандар не дейді?», «Аңыздар не дейді?», «Асық-Ертегі-Ақсүйек тайм», «Наурыз-бата» айдарлары бойынша қызықты ақпараттар беріліп, ойындар, тапсырмалар орындалды.

Бұл күннің «Амал мерекесі» деп аталуы, халық арасындағы «Бір жасыңмен!» немесе «Жасың құтты болсын!» деген сөздердің айтылу мәні жайында мәліметтер, аңыздар айтылды. Сонымен қатар балалар асықтарда жасырылған салт-дәстүрге қатысты викториналық сұрақтарға жауап беріп, Алдар көсе мен бай қолқуыршақтары арқылы кітапханашылар «Ертегі кейіпкері кім?» атты ойын ұйымдастырса, үстел үстінде ұйымдастырылған «Ақсүйек» ойынына да балалар белсене қатысты. Шара соңында балаларға бауырсақ таратылып, Наурыз-бата берілді.

Гүлмайра Саменова,

облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапхана әдіскері.

РБНСТГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

Наурыз-берекем, Наурыз-мерекем! Жақында арнаулы кітапхана іргесі сөгілмес бірліктің, ырысы төгілмес тірліктің ұйтқысы болған Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамына арнап «Наурыз-берекем, Наурыз-мерекем!» атты мерекелік кеш ұйымдастырды.

Шара барысында кітапхана қызметкерлері зағип және нашар көретін оқырмандарына ақ дастарқан жайып, шашу шашып, ұлттық салт-дәстүрлерді насихаттады.

Мерекелік кештің қонақтары кітапхана ардагерлері Наталья Мальцева, Ағипа Боранбаева, ҚР-ның Құрметті азаматы, облыстық сотының медиаторы Бибігүл Әбілдаева, «Қазақ аналары - Дәстүрге жол» қоғамдық бірлестігінің мүшесі, Батыр ана Манар Жакешова, «Алаш» мүгедектер қоғамдық бірлестігінің төрағасы Әлібек Елеусізов, қалалық қазақ зағиптар қоғамы мәдениет үйінің директоры Манас Көшербаев қатысып, жылы лебіздерін білдірді. Сонымен қатар, Ақтөбе облыстық халық шығармашылық үйі «Әдеп» халықтық тобының әншілері, кітапхана оқырманы Әсем Қанат халық әндерін орындаса, кітапханашылар «Қош келдің, Әз-Наурыз!» атты кітап көрмесімен таныстырды.

Кітапхана директоры Құралай Раймбаева Наурыз мерекесіне демеушілік жасаған «Құрмет Холл» мейрамханасының басшысы Гаухар Айтқұлова мен «Айс-Плюс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басшысы Қуаныш Ищановқа алғыс білдірді.

Кеш соңында кітапхана оқырманы Кенжебай Умбетъяров ұйымдастырушыларға рақметін айтып, бата берді.

*Рысжан Карагулова,
Ақтөбе облыстық зағиптар және нашар көретін азаматтарға арналған
арнаулы кітапханасының қызметкері*

Наурыз-думан. 22 наурыз – Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесіне орай Батыс Қазақстан облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханада «Наурыз-думан» библиобастаңғы мерекелік шарасы өтті. Шара кітапханашылар ұсынған бастаңғы туралы көріністен бастау алып, «Бастаңғы» салты жөнінде ақпарат беріліп, әрі қарай мерекелік кешке ұласты.

«Жастар шығармашылық орталығының» әншілері мен «Жұлдыз» комьюнити орталығының кішкентай өнерпаздары және кітапхананың жас оқырмандары әннен шашу шашып, «Наурыз-думан», «Тойға тілек», «Біздің ауыл тамаша», «Жайық қызы», «Жаңа күн», «Қазағымның дәстүрлері-ай» т.б. әсем әуендерді әуелете шырқады. Ұлттық салт-дәстүрлерімізді насихаттау мақсатында оқырмандарға «Салт-дәстүрлерді білесіз бе?» тақырыбында викториналық сұрақтар жолданды. Сонымен қатар, шара барысында кітапхананың кішкентай оқырманы М. Сатыбалдиев үстел үстіне орнатылған қуыршақ ортекенін биімен әрленген «Балбырауын» күйін орындап берді. Қазақ халқының ұлттық ойындарының бірі - «Оқтау тартыс» ойыны ұйымдастырылып, шара қатысушыларына көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Ізгі тілекпен тәттілерден шашу шашылып, қонақтар Наурыз-көжеден дәм татты. Шара соңында үлкендер ақ батасын арнап, жыл құтты болсын десті.

*Балнұр Джумағалиева,
қызмет көрсету бөлімінің кітапханашысы.*

Учитель, видящий сердцем. В нашей библиотеке для обслуживания пользователей, которые не могут самостоятельно посещать библиотеку, используется форма обслуживания – надомный абонемент. Через надомный абонемент обслуживаются читатели, которые не могут самостоятельно передвигаться в силу определенных заболеваний и преклонного возраста или удаленного местожительства. Этой группе читателей, которая состоит из 45 человек, доставляются книги на дом по телефонной заявке 1 раз в месяц. Сотрудники библиотеки осуществляют подбор литературы, оповещают читателей по телефону о посещении.

В течение 30 лет одним из пользователей надомного абонемента был наш постоянный, активный читатель, высокообразованный и очень приятный в общении человек – Рафик Хамитович Ибрагимов.

Вторую среду каждого месяца библиотечная машина с книгами рельефно-точечного шрифта Брайля направлялась в село Туймебаев в пригороде Алматы, где проживал с семьей Рафик Хамитович Ибрагимов. Помимо художественной литературы, он заказывал журналы различного содержания: здоровье и образование, история и современные научные достижения. Он читал все номера журналов: «Литературный альманах», «Литературные чтения», «История и личность», «Наша жизнь», «Знание», «Школьный вестник», «Молодежный форум», «Для вас, для женщины», «Культура и здоровье». Династия Ибрагимовых поселилась в селе Ащибулак под Алматы в 1936-1937 годах среди группы курдов, депортированных из Армении. В конце пятидесятых годов Хамит Ибрагимович с семьей,

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

в том числе трехлетним Рафиком, который родился 4 января 1955 года, возвращается в Ереван. Но уже через некоторое время семья Ибрагимовых переезжают в город Фрунзе, тогдашнюю столицу Кыргызстана. Из города Фрунзе семья переезжает в город Джалалабад Ошской области. Внимательный и любящий отец вовремя заметивший проблемы со зрением у своего сына отдал Рафика в специальную школу для незрячих детей в городе Фрунзе. В 1974 году окончив школу на отлично Рафик поступает в Киргизский государственный университет имени 50-летия СССР в городе Фрунзе. В августе 1978 года Рафик женился на дочери лучшего друга отца Джамшита, Гульзаде, работавшей медсестрой. С 1979 году молодой специалист Рафик Хамитович Ибрагимов с отличием окончивший университет по специальности история работает преподавателем в школе. Работая учителем в школе Рафик Хамитович параллельно работал на учебно-производственном предприятии Киргизского общества слепых, где прошел все ступени: от простого рабочего до директора предприятия.

В 1982 году получив от государства квартиру Рафик Хамитович с женой и детьми Фиданой и Салахадином переезжает в город Фрунзе, но продолжает руководить УПП КОС. С 1987 по 1992 годы работал библиографом в библиотеке для незрячих и слабовидящих. После распада СССР Рафик Хамитович с семьей возвращается в родное село Ащибулак, носящее новое название - село Туймебаев.

Но и здесь Рафик Хамитович не стал сидеть сложа руки. Кроме того, что он писал стихи, а также заметки по истории курдского народа он еще организовал при районной библиотеке поселка ГРЭС клуб по интересам. Где встречались незрячие люди разных возрастов, но с одинаковыми интересами. Люди встречались, вместе читали книги и обсуждали прочитанное. А желающих Рафик Хамитович еще и обучал чтению и письму по системе Брайля.

Вспоминая жизнь прожитую рука об руку со своей женой Гульзадой, Рафик Хамитович говорил, что жизнь в целом была счастливой, но его сердце до последних дней кровоточило из-за ранней гибели единственного сына Салахадина. Младшая дочь, работая преподавателем продолжает дело отца. В декабре 2022 года Рафика Хамитовича Ибрагимова не стало.

Приносим свои искренние соболезнования жене, дочерям и внукам Рафика Хамитовича Ибрагимова, дорогого мужа, заботливого отца, любящего деда.

*Назымкул Арынбекова,
библиотекарь отдела книгохранения и абонемента.*

ТИФЛОПЕДАГОГ КЕЧЕСІ - СОВЕТЫ ТИФЛОПЕДАГОГА

Вернуть мотивацию к активной жизни

В преддверии международного дня незрячих и дня белой трости, главная цель мероприятий - еще раз привлечь внимание общественности к проблемам незрячих людей, которые порой подолгу оставаясь незамеченными, живут рядом с нами и не видят всех красок окружающего мира, чтобы понять и принять друг друга такими, какие все мы есть: со всеми достоинствами, отрицательными и положительными сторонами характера, сложностями и спецификой.

Поэтому, традиционно, ко дню белой трости во многих странах силами общественных организаций и волонтеров организуются различные мероприятия — семинары и встречи, тренинги и короткие лекции, популярно рассказывающие всем желающим о том, кто такие незрячие, зачем им нужна белая трость и как им можно помочь. Также проводятся турниры и соревнования между зрячими людьми, которым специально завязывают глаза; в СМИ выходят передачи и статьи о жизни, работе и успехах незрячих людей.

В этой статье я вам немного расскажу о людях, которые потеряли зрение из-за каких-либо заболеваний или травм в течение жизни и об их реабилитации. По профессии я учитель-дефектолог тифлопедагог. Педагогический стаж 10 лет. Я с детства плохо видела. Но так как патология зрения прогрессировала, к тридцати годам я потеряла зрение совсем. Чтобы справиться со своей проблемой, пришлось заново учиться жить: ходить, ориентироваться на улице, дома, писать и читать, заниматься домашним хозяйством. Спустя пару месяцев после потери зрения продолжила работать в кабинете реабилитации при РГУ РБНСГ. Оказавшись на месте своих учеников, незрячих потерявших зрение в силу каких либо обстоятельств, я стала лучше их понимать и чувствовать все их переживания и страхи. Мой девиз, под которым стараюсь неотступно работать «Надо сделать всё возможное и невозможное, чтобы помочь человеку, потерявшему зрение. «Ни шагу назад только вперед» потому, что ставки высоки на кану может стоять чья-то жизнь. Моя работа заключается в реабилитации интеграции и социализации людей поздно потерявших зрение из-за травм, болезней и т.д.

Всё это достигается посредством проведения занятий с взрослыми и детьми потерявшими зрение или со всем с плохим зрением; занятия по обучению письму и чтению по системе Брайля, занятия по обучению пространственной ориентировке, занятия по развитию мелкой моторики и осязания, занятия по бисероплетению - помогают восстановлению чувствительности пальцев. И, конечно же, оказываю посильную моральную психологическую и правовую поддержку им и членам их семей. Поскольку жизнь у людей, потерявших зрение, делится на две части – до и после травмы. С самого начала стремлюсь формировать у подопечных позитивное отношение к жизни, чтобы с помощью полученных знаний и умений они смогли открыть возможности для реализации творческого и профессионального потенциала. Используя свой жизненный опыт, помогаю людям с ограниченными возможностями по зрению выйти из стрессовой ситуации. Надеюсь, что стала для своих подопечных не только учителем, но и другом.

В нашей республике немало внимания уделяется инвалидам по зрению с детства: существуют специализированные детские сады, школы-интернаты. В этих учреждениях незрячих и слабовидящих детей ориентируют и дают трудовые навыки и умения. Этими детьми занимаются на государственном уровне. Однако людям, потерявшим зрение взрослыми, со стороны государства не уделяется должного внимания. Поздно ослепшие замыкаются в себе, теряют мотивацию к активной деятельности, чувствуют себя ненужными, беспомощными и испытывают сильный стресс. Зачастую это приводит к глубокой депрессии. Считаю, что рядом с такими людьми должен быть человек, который их поймёт, поддержит, даст точку опоры и поможет найти себя. Когда я начала работать с ними, то увидела, что они радуются каждой нашей встрече, для них важно не только получение необходимых учебных навыков, но и возможность общения с близким по духу человеком.

Мои подопечные зависимы от других людей и даже от погодных условий, ведь любое ненастье, гололёд могут привести к трагедии. Радуюсь когда вижу положительный результат своей работы. Вижу тех своих подопечных, которые смогли успешно пройти реабилитацию и интеграцию в общество, в силу своего сильного внутреннего стержня, силе воле и простому желанию жить и общаться. Каковы бы не были бы сильными усилия реабилитолога, они могут быть и напрасными, если человек потерявший зрение сам не захочет выйти из депрессии, от его желания бороться и достигать результатов, несмотря на отсутствие зрения, зависит очень много. Могу привести в пример Гизатулину Наталью. Наталья по профессии хореограф. После потери зрения после пятидесяти лет, она потеряла высокооплачиваемую работу, лишилась привычного круга общения. Наташи очень хорошая память и чувствительные руки. Она быстро овладела брайлевской азбукой. Обучилась навыкам пространственной ориентировки. Стала посещать культурно-массовые мероприятия проводимые библиотекой. И постепенно влилась, и стала активно участвовать в жизни общества незрячих. На данный момент она участница вокальной группы. Её вокальная группа выступает на различных концертах казахского общества слепых.

Существует общая тенденция: поздно ослепшие люди имеют очень низкую скорость чтения, отсюда и небольшой объём получаемой информации. Для того, чтобы, компенсировать потерю зрения, необходимы новые учебники и методические пособия по развитию тактильных ощущений.

Большую роль в реабилитации поздно ослепших людей играет обучение новым информационным технологиям. Почти все мои подопечные проходят обучение работы на компьютере. Окончив обучение, они с помощью компьютера могут вести деловую и личную переписку, расширить круг общения, получать информацию, слушать электронные книги и реализовать себя как творческую личность (писать статьи, стихи, книги и т. д.). Компьютерные технологии позволяют инвалидам по зрению трудиться (работать с базой данных предприятия, заниматься рассылкой почты и т.д.), а многим — и не потерять свою любимую работу.

Для того чтобы процесс реабилитации не затягивался на долгие годы, в центрах реабилитации необходимо иметь:

Штатную психологическую службу (помощь инвалиду и его семье);

- Современную материально-техническую базу в кабинете реабилитации;
- Учебно-методические пособия;
- Спецпособия для развития тактильного восприятия, тифлоприборы;
- Оснащённый специальными программами компьютерный класс, постоянную интернет-поддержку;
- Возможность для обучения незрячих трудовым навыкам (плетение, макраме, вязание, и т.д.)

Реабилитационные кабинеты - это самая скорая помощь тем, кто потерял зрение в зрелом возрасте.

Статью подготовила Жансая Медьярова.

ОҚЫРМАНДАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНАН – ТВОРЧЕСТВО НАШИХ ЧИТАТЕЛЕЙ

Құрметті оқырмандар! Сіздердің назарларыңызға Жамбыл облыстық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтар кітапханасының тұрақты оқырманы Катанбаев Азамат Амантайұлының шығармашылығынан бірнеше өлеңдерді ұсынамыз.

Мен, Катанбаев Азамат Амантайұлы 1972 жылдың 6 желтоқсанында Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Түймекент ауылында тудым. Ұлтым – қазақ.

1982-1990 жылдары Түймекент ауылының орта мектебінде білім алдым. Мектеп қабырғасында жүріп әртүрлі мәдени іс-шараларға атсалыстым. 1990-1993 жылдар аралығында Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласындағы «Кәсіптік-техникалық» училищесінің «Етікші» мамандығын бітірдім. 1993-1995 жылдары Шымкент қаласында «Кәсіптік-техникалық» училищесінің «бухгалтер» мамандығын бітірдім. II-ші топ мүмкіндігі шектеулі азаматпын. 2011 жылдан бастап Жамбыл облысы мүгедектерді оңалту және бейімдеу орталығына келіп, ем алып сауығып тұрамын. Жамбыл облыстық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтар кітапханасының тұрақты оқырманымын. Осы жылдар аралығында кітапханада, орталықта өткізілетін көптеген іс-шараларға қатысып, жүлделі орындарға ие болдым.

Бір ауыз сөз

Бір ауыз сөз қиялымды тербейді,
Бір ауыз сөз дертінді де емдейді.
Бір ауыз сөз оқ боп тесіп жүректі
Екінші рет тұрмастай ғып жерлейді.

Бір ауыз сөз маған демеу болатын,
Бір ауыз сөз мені ақтай алатын.
Бір-ақ ауыз жылы сөзді алдымнан
Күтіп жүрмін таусылардай тағатым.

Бір ауыз сөз бойыңа күш береді,
Бір ауыз сөз адамзатқа керегі
Бір ауыз сөз күшің қандай керемет,
Мән-мағынаң неткен сенің көп еді.

Бір ауыз сөз азық болар жаныма,
Бір ауыз сөз жетпей жатыр тағы да.
Қайта айтамын, күтіп жүрмін сағына
Бір ауыз сөз айналардай бағыма.

Қиын не бар!

Мың құбылған қуаныштан, дерттерден,
Қиын не бар адам жанын зерттеуден.
Мен келемін өз жанымды зерттеумен,
Бірде аяз, бірде жалын өрт кеудем.

Ажырата алмай шуақ, түнегін,
Танығанға мәз болыппын реңін.
Ертең басқа, бүгін жақсы көргенім,
Өз көзіме өзім,

Арзан не бар ойнау менен күлуден,
Қымбат не бар адам сырын білуден.
Мен әуремін өз сырымды білумен,
Кеше бұзып, өкінемін бүгін мен,
Жылдарымды еске аламын бүлінген.

Ғажап!
Сенбедім.
Кесірткедей ауыстырған өндерін,
Түсінбеймін қылығына пенденің.

Адамдардың жаны менен жүрегін,
Ойлайтын ем бір кісідей білемін.

Жылдар бойы бірге жүріп, бір күлген,
Жақыныңның жат боларын кім білген.
Адамдарды зерттей алмай жүрмін мен,
Оны зерттеу мүмкін емес, білдім мен.

БИБЛИОГРАФ ХАБАРЛАЙДЫ - БИБЛИОГРАФ ИНФОРМИРУЕТ

Уважаемые пользователи!

Фонд РБНСГ пополнился новыми журналами РТШ

«Литературные чтения» №4, 5, 6 за 2022 год

и их приложениями выпуск № 2, 2022 год. «Литературные чтения» №4, 2022 год.

Марианна Гончарова «В ожидании Конца Света». В 2 книгах (окончание).

Индейцы племени майя напророчили человечеству Конец Света в 2012 году. И что остается делать маленькой хрупкой женщине, живущей в доме на природе, в тепле и уюте, когда именно этот 2012 год - на носу и вот-вот все случится? Маленькая хрупкая женщина не теряет оптимизма. Она достает свой любимый ноутбук, садится перед экраном и всю ночь пролетит, пока дети и муж спят, вспоминает и записывает самое важное, самое бесценное. А вдруг - силой памяти и любви - удастся остановить трагедию? Новая книга Марианны Гончаровой - это признание в любви к самой жизни, в любви, которая способна даже теперь последние дни мира сделать светлыми и счастливыми.

«Литературное чтение». №4 2022 год. Николай Дежнёв «Асцендент Картавина» роман (окончание) в 5 книгах.

Судьба человека!.. Кто ею управляет? Как узнать ее? Достаточно ли рассчитать асцендент - знак, поднимающийся в момент рождения над горизонтом, - и составить гороскоп? Неужели правда, что от судьбы не убежать? Но не о звездах новый малый роман выдающегося современного писателя Николая Дежнева. И не об астрологии с ее судьбоносным арсеналом. "Асцендент Картавина" - изящная литературная конструкция, роман о романе в романе, возведенная на сложной системе повернутых лицом к лицу зеркал на фоне звездного неба. Книгу завершает подборка лучших рассказов автора. Загляните в двойное Зазеркалье Николая Дежнева, только будьте осторожны, рассматривая отражение собственного лица...

«Литературное чтение». №5 2022 год. Анна Матвеева «Катя едет в Сочи. И другие истории о двойниках» в 1 книге (окончание).

Новый сборник прозы Анны Матвеевой «Катя едет в Сочи» состоит из девяти очень разных историй, объединённых рифмой судьбы. Невольными и не всегда очевидными двойниками друг другу становятся здесь художник и галерист, сын и мать, незнакомые женщины и знакомые только по переписке девочки... Это книга о том, что даже антиподы могут слышать и понять друг друга просто оттого, что способны испытывать те же чувства и слышать в громогласном потоке жизни родной голос. «Свой двойник есть у каждого, но иногда его сразу не узнать...» (Анна Матвеева)

«Литературное чтение». №6. 2022 год. Андрей Билоус «как в кино». Рассказы книга 1. Валерий Бочков «Ниже нуля по Фаренгейту» Книга 2.

Гражданин мира – родился в Латвии в разные периоды жизни жил и работал в Москве и Амстердаме, в США и Германии. Валерий в первую очередь известный художник – после окончания художественно-графического факультета работал иллюстратором крупных журналов и издательств. Но, по словам художника, когда он вполне высказался языком живописи, он начал писать жизнь художественным словом. Олимп большой литературы Валерий покорил за 10 лет – начав писать в 2004-м и получив «Русскую премию» в номинации Крупная проза в 2014-м. Счастье, по мнению Валерия, остро ощущается в мгновения постижения законов жизни и вопиющей красоты природы.

Теперь мы переходим к приложениям журнала «Литературные чтения». Выпуск №2 за 2022 г. «История и личность». Роберт Харрис. «Помпеи». Роман в 1 книге (окончание).

Изначально этот знаменитый на весь мир бестселлер должен был экранизировать Роман Полански, мастер широкомасштабных кинополотен. И неудивительно: ведь гибель Помпей - одно из самых драматических событий мировой истории. А роман Роберта Харриса - одно из самых ярких, запоминающихся и кинематографичных произведений, описавших эту трагедию... Изнурительно жаркий август 79 года от рождения Христа. Блистательные Помпеи, раскинулись на побережье Неаполитанского залива. Город славы и гордости, жемчужина Римской Империи. Роскошные виллы первых богачей, толпы отдыхающих, заповоливших местные курорты, кровь на песке гладиаторской арены и страсть, исходящая от едва прикрытых обольстительных тел восточных наложниц... Здесь великая держава предстала во всей своей красе. Казалось, именно в Помпеях она обретет Вечность... Но что такое город перед ужасающей мощью Земли? Перед потоками огненной лавы и раскаленного пепла? Перед разрушительными содроганиями каменных недр и облаками смертоносного газа? Кошмарное и величественное зрелище предстало перед глазами очевидцев - зрелище, которое мало кто сохранить в своей памяти. Потому что в этот день сама память человеческая превратилась в пепел и прах...

«История и личность». Алексей Пояков «Ликвидация». Роман в 1 книге.

Он каждый день висит на волоске от смерти, чувствует за спиной ее леденящее дыхание. Смерть смотрит на него глазами воров, убийц и бандитов, она забирает его друзей, соратников и близких. Но он обязан выжить и для этого стал сыщиком, охотником, зверем, познав, что не всякий друг надежен, не всякий преступник — враг... Его знает вся послевоенная Одесса — подполковника уголовного розыска Давида Гоцмана, но лучше всех изучил его враг, главарь банды Академик, для которого избавиться от ненавистного мента - дело принципа.

«Легкое чтение». Хейзел Прайор «Как пингины спасли Веронику». Роман в 1 книге (окончание).

Это Вероника Маккриди. Сноб и мизантроп восьмидесяти шести лет от роду. Она сказочно богата и катастрофически одинока. Однако, посмотрев документальный фильм о пингвинах,

Вероника решается... Решается отправиться на антарктическую исследовательскую базу, и отказ она не принимает. Ведь вполне возможно, что это последнее грандиозное путешествие в ее жизни!

«Легкое чтение». Вера Колочкова «Две розы». В 3 книгах.

Дочь Сонька у Розы Федоровны была неуправляемой, как извержение вулкана. Муж давно ушел из семьи, и теперь приходится со всем справляться одной. В довершение всех бед Соня забеременела от женатого мужчины и подкинула ребенка маме. Роза Федоровна назвала внучку в свою честь. И теперь уже две Розы, нежные и ранимые, пытаются выжить в этом непростом мире...

«Литературный альманах». Книга 1. 2022г. Валерий Бочков «Возвращение в Эдем». Роман в 2 книгах. Самый загадочный роман В. Бочкова. Мастерски смешав жанры, автор отправляет читателя не в путешествие, а в головокружительный полет. Динамика повествования, виртуозность языка, неожиданные повороты сюжета, аллюзии - эти фирменные ингредиенты прозы Бочкова продемонстрированы в романе с блеском. К тому же в нем есть страницы его тайного дневника. Русский беллетрист Дмитрий Виноградов, живущий в вермонтском лесу в одиночестве, покупает в местной антикварной лавке старинный сейф, в котором спрятана голова девушки - герой уверен, что живая. Сейф доставляют домой - и с этого момента с героем начинают происходить удивительные события, в которых сплетаются реальность, сны и фантазии.

«Острый сюжет». Алекс Михаэлидес «Девы». Детективный роман «окончание». В 3 книгах. Завораживающий литературный триллер, сплетающий воедино греческую мифологию, психологию и убийство... Эдвард Фоска - убийца. В этом Мариана уверена. Харизматичный красавец-профессор преподает курс греческой трагедии в Кембридже. Его обожают коллеги и студенты - особенно студентки из тайного общества "Девы", готовые на все ради своего наставника. Ведомые мистическими учениями профессора, девушки устраивают оккультные игрища и ритуальные обряды. И вскоре, одну из них находят мертвой с перерезанным горлом и выколотыми глазами...

Мариана Андрос - талантливый психотерапевт с посттравматической депрессией из-за гибели мужа. Она ясно видит: Эдвард Фоска - нарциссичный социопат, умело манипулирующий людьми. Есть что-то зловещее в его одержимости культом Персефоны, спустившейся, согласно мифу, в царство мертвых. И смерть студентки - буквальное воплощение путешествия богини-девы в загробный мир. Эдвард Фоска - убийца. Осталось это доказать...

«Острый сюжет». Вудхауз Пэлем Грэнвил «Дживс и похищенная Венера». Рассказ в 1 книге. Тетя Далия приглашает Берти Вустера в Гемпшир в усадьбу Маршем-мэнор к неким Фозергиллам. Берти должен выкрасть картину, изображающую Венеру - творение Фозергилла-старшего и уничтожить её. Иначе не видать Бертраму шедевров Анатоля - несравненного повара тётушки Далии. Берти в полном раздрае, и тут как всегда на помощь приходит Дживс...

Уважаемые пользователи!

Мы надеемся, что новая литература шрифтом брайля, привлекут ваше внимание.

Ждём вас в нашей библиотеке.

Подготовил Мырзабеков Алмас.

ЭТО ИНТЕРЕСНО

Вновь обрести зрение

Имплантированный в мозг «зрительный протез» позволил слепой женщине впервые за 16 лет воспринимать двумерные формы и буквы. В 42 года у Барны Гомес развилась токсическая оптическая нейропатия тяжелое заболевание, которое буквально за несколько дней разрушило зрительные нервы, соединяющие глаза с мозгом.

Гомес стала первым пациентом, кому в зрительную область мозга имплантировали крошечный протез площадью не более четырёх квадратных миллиметров с сотней микроигл. При определенной комбинации стимуляции электродов ей удается идентифицировать буквы I, L, C, V и O. Получается даже различать заглавную O и строчную. Шаблоны стимуляции для остальной части алфавита пока не разработаны. Сейчас Берна носит специальные очки со встроенной видеокамерой – система автоматически трансформирует сканируемые объекты в понятные в мозгу сигналы. Сегодня Берна также способна различать контрастные границы черных и белых полос на бумаге.

Д. Алтаев // Новое поколение. – 2021. – 4 ноября (№ 121). – С. 6.

РБНСГ - ВЕСТИ



Наурыз-думан



Амал мерекесі



Учитель, видящий сердцем



Весенняя игра



Катанбаев
Азамат Амантайұлы



Дарите женщинам цветы



Әлемді әлдилеген ана

Уважаемые читатели, вы можете стать авторами нашей газеты. Присылайте к нам свои статьи, очерки, стихи и прочие интересные материалы по адресу: 050000, г. Алматы, ул. Богенбай батыра, 214

или по электронной почте: rbnsg@inbox.ru

Газета доступна на сайте: www.blindlib.kz

Газета поставлена на учет в Министерстве культуры и информации Республики Казахстан.

Свидетельство о постановке на учет № 8212-Г от 26 марта 2007 года.

Подписной индекс 64186

Газета отпечатана в типографии ИП СТАРКОВ С.А.

Акмолинская область, г. Кокшетау, Акана серэ, 140

тираж 200 экз. Заказ № 145

Главный редактор – Байузаков А.К.

Редактор по Брайлю – Баймуратова Н.Д.

Корректор казахского языка – Даржанова Г.Т.

Корректор русского языка – Дорбабаева Л.А.

Верстка – Дорбабаева Л.А.

Адрес редакции: ул. Богенбай батыра, 214

тел.: 399-90-79

Опубликованные материалы не всегда отражают точку зрения редакции. Материалы публикуются в авторской редакции.